

Омаров Анвар Сапабекұлының 8D12301 – «құқық қорғау қызметі»
білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін
алуға дайындалған «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау
жөніндегі полиция қызметі: теория және тәжірибе мәселелері»
тақырыбындағы диссертациясына

АНДАТПА

Зерттеу тақырыбының өзектілігі әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау құқығына ие полиция қызметкерлерінің әкімшілік юрисдикциялық өкілеттіктерін жүзеге асыру мәселелеріне байланысты. Соңғы уақытта полиция қызметкерлері әкімшілік істерді қарайтын құқық бұзушылықтар құрамының көлемі артты, бұл әкімшілік процестің зерттелетін кезеңін қолданудың тиімділігі бойынша негіздемелерді ғылыми бағалауды талап етеді.

Диссертациялық жұмыс ПО (полиция) қызметкерлерінің әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауына байланысты әкімшілік процестің кезеңінің теориялық және тәжірибелік мәселелерін зерттеуге арналған. Мазмұнында полиция қызметкерлерінің істерді қарау кезінде шешім қабылдаудың мәні мен ерекшеліктеріне байланысты мәселелерге өзіндік көзқарас ұсынылған.

Тақырыптың өзектілігі сондай-ақ бағдарламалық құжаттарда көзделген полиция қызметінің басым бағыттарымен расталады: қоғаммен әріптестікте қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің 2024-2028 жылдарға арналған тұжырымдамасымен; Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасымен.

Әкімшілік жаза қолданудың мәселелері бойынша әкімшілік жаза қолдануға юрисдикциялық өкілеттіктері бар полиция қызметкерлеріне сауалнама жүргізу және сұхбат беру әкімшілік іс жүргізудің зерттелетін кезеңін жетілдіру қажеттілігін растады.

Әкімшілік-құқықтық процестерді реформалаудың қазіргі кезеңінде әкімшілік айыппұлдар мөлшерінің негізсіз өсуі, әкімшілік жазаның баламасыз түрлерінің болуы мәселелері қалып отыр. Полиция қызметкерлері әкімшілік істерді қарау кезінде заң институтына әкімшілік жауапкершілікті ауырлататын және жеңілдететін мән-жайларды, сондай-ақ әкімшілік әрекеттің себептері мен мақсаттарын белгілеуге тиісті мән бермейді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің қысқартылған және жеңілдетілген іс жүргізілуін талдаудың өзектілігі аталған институттың қазақстандық заңнама үшін жаңа болып табылатындығымен және кемшіліктерден айырылмайтындығымен көрінеді. Полицияның әкімшілік қызметіндегі қысқартылған және жеңілдетілген іс жүргізу құқық бұзушыларға әрдайым қолданылмайды, өйткені айыппұлды 50% немесе 30% төмендету сыбайлас жемқорлық үшін жоғары тәуекелдерге ие, ал құқықтық негіздер полиция қызметкерлеріне бұл институтты өз қалауы бойынша еркін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының заңнамасына әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді шешудің неғұрлым табысты тетіктерін бейімдеу үшін полиция қызметкерлері мен лауазымды адамдары басқа мемлекеттерде әкімшілік іс жүргізу қызметін іске асырудың оң тәжірибесін қарауы қажет.

Қазіргі кезеңде Қазақстанда осы тақырып бойынша дербес кешенді зерттеудің болмауы, оны зерттеу пәні ретінде тандаудың негіздерінің бірі болды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері

Диссертациялық зерттеудің мақсаты ПО-ның әкімшілік іс жүргізу қызметіндегі заңдылықты бұзу деңгейін төмендету үшін әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау бойынша әкімшілік процесті кешенді талдау, сондай-ақ зерттелетін кезең мен әкімшілік процестің тиімділігін қамтамасыз етудің маңызды теориялық және тәжірибелік бағыттарын әзірлеу болып табылады.

Осыны ескере отырып нақты зерттеу **міндеттері** орындалды:

- полиция қолданатын әкімшілік жазалардың оңтайлы көлемін анықтау мақсатында зерттелетін қоғамдық қатынастардың дамуына ретроспективті талдау жүргізілді;

- ішкі істер органдарының қызметінде, атап айтқанда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау сатысында заңдылықты бұзудың негізгі жағдайлары анықталды;

- полиция қызметкерлері қолданатын әкімшілік жазаның әрбір түрі бойынша құқықтық сипаттама берілді;

- полиция қызметкерлерінің әкімшілік жазалау шараларын қолдануы кезінде заңдылықты сақтау тетігін жетілдіру бойынша тұжырымдар тұжырымдалған және ұсыныстар негізделген;

- ПО (полиция) қызметкерлерінің әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау саласындағы отандық және шетелдік заңнамаға салыстырмалы талдау жасалды;

- әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қысқартылған іс жүргізуді жүзеге асыру тәртібі талданды;

- полиция қызметкерлерінің құқық бұзушыларды әкімшілік жауапкершіліктен және әкімшілік жазадан босату институты зерттелді;

- әкімшілік жазадан жалтарған адамдарды әкімшілік жауапкершілікке тарту мәселелері анықталды және оларды шешу бойынша ұсыныстар тұжырымдалды;

- әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау кезінде полиция қызметкерлерінің заңдылықты сақтау қағидалары мен тәсілдеріне зерттеу жүргізілді;

- полиция қызметкерлерінің әкімшілік істерді қарауы кезінде құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған шаралар қаралды.

Зерттеу әдіснамасы мен әдістемесі. Зерттеу үшін таңдалған әдістемелік құралдар құқықтық зерттеулер үшін дәстүрлі және сенімді және объективті теориялық білім алу үшін жеткілікті, өйткені ол әлеуметтік

құбылыстар мен процестердің жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістерінің теңдестірілген үйлесіміне негізделген. Зерттеудің әдіснамалық базасы құқықты дамытудың негізгі гуманистік идеялары мен дәстүрлерінен, ішкі істер органдарының қызметін жетілдіру әдістерінен, сондай-ақ танымның ғылыми әдістерінің жиынтығынан (салыстырмалы құқықтану, нақты тарихи, әлеуметтанулық және басқалар), әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға байланысты әкімшілік процесс сатысының мәселелерін зерттеген жекелеген ғалымдардың ғылыми еңбектерінен тұрады.

Диссертацияны дайындау барысында автор әкімшілік құқық, ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі бойынша көптеген жарияланымдарды пайдаланды, көптеген заңнамалық және заңға тәуелді қолданыстағы нормативтік актілерді, КСРО кезеңіндегі заң әдебиеттерін, Шығыс Еуропа мен Орталық Азия елдерін талдады, әртүрлі мәртебедегі құқықтық актілердің жарияланған және жобаларын, мамандандырылған заңдар бар полицияның әкімшілік-іс жүргізу қызметімен жекелеген мемлекеттердің мониторинг есептерін зерттеді.

Диссертациялық зерттеудің жеке-ғылыми әдістері жүйесіне енгізілді: ретроспективті (1985 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін кодификацияланған әкімшілік заңнама нормаларының даму динамикасын зерделеу кезінде); салыстырмалы-құқықтық (Шығыс Еуропа және Орталық Азия елдерінің шетелдік заңнамаларын зерделеу және салыстыру кезінде); әлеуметтанулық (әкімшілік процестің зерттелетін сатысына және тиісті жүйеге сенімді баға алу үшін); құрылымдық-функционалдық (құқық бұзушының қорғау құқығын алуға бағытталған құқықтық нормалар жүйесін құру кезінде); формальды-логикалық (әкімшілік кодификацияланған заңнаманың нормаларын нақтылау, әкімшілік заңнаманың заңнамалық техникасының деңгейін арттыру мақсатында); теориялық көздерді контент-талдау, бұқаралық ақпарат құралдарында қол жеткізуге болатын ақпараттық-коммуникациялық ресурстарды жариялау (ПО (полиция) қызметкерлерінің әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау бойынша құқық қолдану тәжірибесінің сараптамалық бағалауларын талдау кезінде).

Полиция қызметкерлерінің әкімшілік-іс жүргізу қызметінің жай-күйі туралы нормативтік-құқықтық нормаларға, ғылыми баяндамалар мен жарияланымдарды сындарлы-сыни талдауға ерекше назар аударылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы диссертацияда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау процесінің негізгі теориялық аспектілерін және оны тәжірибелік қолдану тәжірибесін жан-жақты зерделеу негізінде алғаш рет әкімшілік құқық мүмкіндіктері мен әкімшілік жаза қолдануға уәкілеттік берілген полиция лауазымды тұлғалары қызметінің қалыптасқан жүйесі контекстінде бар мәселелерді кешенді зерттеудің шығармашылық әрекеті жүзеге асырылғандығында. Сондай-ақ зерттелетін қоғамдық қатынастарды жетілдіру үшін ішкі істер органдарының қызметін полиция қызметінің сервистік моделіне қайта бағдарлау шарттары ерекше жаңалық болып табылады.

Осы уақытқа дейін әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді

қараудың барлық материалдық-процестік аспектілерін кешенді теориялық әзірлеу, әкімшілік құқық ғылымында жоқ. Мәлімделген мәселелер бойынша ғылыми жарияланымдардың ең төменгі қарқындылығы аясында қазақстандық заңнамадағы өзгерістердің жоғары динамикасымен бірге зерттеудің ғылыми жаңалығы айқын көрінеді.

Жүргізілген диссертациялық зерттеудің жаңалығы **қорғауға ұсынылған келесі негізгі ережелерде** көрініс тапты:

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау бойынша юрисдикциялық өкілеттіктер берілген ішкі істер органдары (полиция) қызметкерлерінің тізбесі бұлыңғыр болып табылады. Атап айтқанда, ӘҚБтК-нің 685-бабы 2-бөлігінің 4-тармағында көрсетілген арнаулы атақтары бар ПО лауазымды адамдарының барлығы әкімшілік жаза қолдану жөнінде шешім қабылдамайды.

ПО лауазымды адамдарының нақты тізбесін және әкімшілік жаза қолдануға құқығы бар ӘҚБтК баптарының толық тізбесін айқындау қажет.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді шешу процесіне азаматтарды кеңінен тарту полиция қызметінің сервистік моделіне көшу туралы ҚР мемлекеттік саясатының қазіргі заманғы міндеттеріне сәйкес келеді. Құқық қорғау бағытындағы алқалы қоғамдық құрылымдарға әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді өз бетінше қарау өкілеттіктерін беруге болады.

3. Әкімшілік жазалау шараларын қолдану бойынша полиция қызметкерінің қалауын көздейтін ӘҚБтК-нің жекелеген баптарының санкциялары сыбайлас жемқорлық көріністері үшін қолайлы жағдай жасайды.

Лауазымды адамдардың өз юрисдикциялық өкілеттіктерін іске асыруы кезінде сыбайлас жемқорлық үшін тәуекелдерді жою және Қазақстан азаматтарының құқықтары мен заңды мүдделерін мемлекеттік органдардың озбырлығынан қорғау мақсатында ӘҚБтК-нің әкімшілік қалауын (дискрециясын) төмендету жөніндегі нормаларына тексеру жүргізу қажет.

Лауазымды тұлғалардың өз мүдделері үшін қалауын (дискрециясын) теріс пайдалануды азайту үшін мыналарды ұсынамыз:

- 1) «... немесе / немесе онсыз» деген сөздерді алып тастау
- ӘҚБтК 464-бабының 1 және 2-бөлімдерінің санкцияларынан,
- ӘҚБтК-нің 470 - бабы 2-бөлігінің санкциясынан.

- 2) ӘҚБтК-нің 819-бабының 2-бөлігі мынадай редакцияда жазылуы тиіс:

«2. Орган (лауазымды адам) осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген мән-жайларды белгілеуді ескере отырып, жауапкершілікті ауырлататын мән-жайлар болмаған кезде өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған адамға салынған және осы кодекстің 44-бабы бірінші бөлігінің бірінші абзацына сәйкес есептелетін, бірақ жалпы айыппұлдың отыз пайызы әкімшілік айыппұлдың мөлшерін қысқартуға тиіс.»

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулысында ӘҚБтК-нің 819-бабының 1-бөлігінде қамтылған құқықтық ережелер қосымша түсіндірілуі тиіс.

4. Өсімпұл қаржылық-құқықтық жауапкершіліктің тиімді шарасы болып табылады және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету тәсілі ретінде заңнамалық деңгейде бекітілуі тиіс. Өсімпұлды әкімшілік айыппұлдарды орындау құралы ретінде пайдалану мүмкіндігін қарастыру керек, ол үшін ӘҚБтК-нің 785-бабының бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 12-тармақшамен толықтырылсын: «әкімшілік айыппұл уақтылы төленбеген жағдайларда өсімпұл».

ӘҚБтК-нің 40-тарауына шамамен мынадай мазмұндағы жаңа 801-1-бапты қосу қажет:

«801-1-бап. Өсімпұл

1. Әкімшілік айыппұлды төлеуді кешіктіргені үшін алынатын өсімпұл-тұрақсыздық айыбы төлеу мерзімі өткен күннен кейінгі күннен бастап мерзімі өткен әрбір күн үшін борыш сомасының 0,5% - на тең мөлшерде есептеледі.

2. Өсімпұлдың максималды мөлшері тағайындалған айыппұл сомасынан аспауы керек.»

Өсімпұл түріндегі әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз етудің жаңа шарасын қолдану, әкімшілік айыппұлдарды өндіріп алу деңгейін арттыруға ықпал ететін болады.

Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығында өсімпұл мерзімінде орындалмаған әкімшілік айыппұл үшін әкімшілік жаза және әкімшілік жауаптылық шарасы бола алмайды, өйткені ол кінәні анықтауды талап етпейді және қамтамасыз ету сипатында болады.

5. Құқық бұзушыларды әкімшілік жауапкершіліктен босату институтын қолдану тәжірибесін жетілдіру үшін полиция қызметкерлері мыналарды ұсынады:

1) құқық бұзушыны анықтау мүмкін болмаған құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді тоқтатудың құқықтық негізі әкімшілік жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімінің аяқталу фактісі емес, әкімшілік жауаптылыққа жататын адамды белгілемеу болып табылуға тиіс. Сондықтан ӘҚБтК-нің 741-бабының бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы тармақпен толықтырылуы тиіс: «егер құқық бұзушыны құқық бұзушылық жасалған кезден бастап 10 күн ішінде анықтау мүмкін болмаса».

2) тараптарды татуластыру мақсаттарына сүйене отырып, ӘҚБтК-нің 64-бабының 1-бөлігінде көрсетілген баптардың тізбесі кеңейтілуге тиіс, өйткені егер құқық бұзушы зиянды жойса немесе жәбірленушіге (жәбірленушілерге) материалдық, моральдық залалды немесе денсаулыққа зиянды белсенді өкіну жолымен өтесе, татуласу ӘҚБтК-нің ерекше бөлігінің көптеген материалдық нормалары бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Алайда, ӘҚБтК-нің 64-бабының ережелері отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында немесе тұрмыстық себептер бойынша жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған адамдарға қолданылмайтынын көздеу қажет.

6. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау кезінде әкімшілік қызмет қағидаларын қамтамасыз ету үшін мыналар ұсынылады:

1) ПО-ның әкімшілік іс жүргізу қызметі саласындағы заңдылық қағидатын сақтау үшін ПО (полиция) қызметкерлерінің әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР Кодексін қолдануы жөнінде ведомстволық нұсқаулық әзірлеу қажет.

2) азаматтардың білікті заң көмегіне құқықтарын қамтамасыз ету қағидатын іске асыру үшін:

- ӘҚБтК-нің 748-бабының 3-бөлігі жаңа редакцияда жазылсын: «3. Қорғаушы әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған сәттен бастап, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізудің кез келген сатысында іске қатысуға жіберіледі»;

- ӘҚБтК-нің 802-бабы 4-бөлігінің 2-абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «Егер әкімшілік құқық бұзушылық автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнайы бақылау-өлшеу техникалық құралдарымен және аспаптармен тіркелген жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс хабарламаны (хабарлауды) тиісінше жеткізген сәттен бастап қозғалған болып есептеледі».

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы. Зерттеу барысында қол жеткізілген ең маңызды нәтижелер төмендегідей:

1 нәтиже. ӘҚБтК-нің 685-бабын жетілдіру жөніндегі ұсыныс қоғамдық қызметті жүзеге асыратын полиция қызметкерлерінің, атап айтқанда, учаскелік полиция инспекторларының, оның ішінде кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі, патрульдік полицияның, аудандық және қалалық полиция бөлімдерінің кезекші бөлімдерінің, табиғат қорғау және көші-қон полициясының қызметтерінің юрисдикциялық өкілеттіктерін ретке келтіруге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, алынған қорытындыны іске асыру әкімшілік жаза қолдану туралы шешімдер қабылдау бойынша арнаулы атақтары бар ПО лауазымды адамдарының ресми құзыреттерін алып тастауға мүмкіндік береді. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау бойынша ПО (полиция) қызметкерлерінің юрисдикциялық өкілеттіктері» ғылыми зерттеу нәтижелері ҚР ПМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының оқу процесіне және ҚР ПМ барлық академиялары енгізілді.

2 нәтиже. Әкімшілік-процестік қызметті дамытудың қазіргі кезеңінде қоғамдық ұйымдарды әкімшілік құқық бұзушылықтарды шешуге тарту жөніндегі ұсыныс полицияның халыққа құқық қорғау қызметтерін көрсету жөніндегі қызметтің сервистік моделіне көшуі жөніндегі Қазақстанның құқықтық саясатының қазіргі бағытына сәйкес келетін болады, сондай-ақ халықтың ПО-ға (полицияға) сенім деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Диссертациялық зерттеу материалдары Қазақстан Республикасының 2024-2028 жылдарға арналған қоғамдық қауіпсіздік тұжырымдамасының жобасына ұсыныстар қалыптастыру кезінде пайдаланылды және ҚР ПМ академияларының оқу процесі енгізілді.

3 нәтиже. Нәтижені енгізу мыналарға бағытталған:

- әкімшілік жаза қолдану құзыретіне ие ішкі істер органдарының (полицияның) лауазымды адамдарының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту;

- сыбайлас жемқорлық үшін тәуекелдерді жою және Қазақстан азаматтарының құқықтары мен заңды мүдделерін мемлекеттік органдардың озбырлығынан қорғау мақсатында әкімшілік қалауды (дискрецияны) төмендету бойынша ӘҚБтК-нің ерекше бөлімінің барлық нормаларына ревизия жүргізуге бастамашылық жасау.

- ӘҚБтК (полиция) әкімшілік тәжірибесінде әкімшілік айыппұл мөлшерін 30% - ға қысқарту бойынша тиімді қолдану үшін ӘҚБтК-нің 819-бабын жетілдіру.

- әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді шешудің оңайлатылған және қысқартылған тәртібін қолдану туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулысымен түсіндіруге бастамашылық жасау.

4 нәтиже. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау саласындағы заңнаманы және шет елдердің тәжірибесін жедел талдау нәтижелері әкімшілік айыппұлдарды өндіріп алу деңгейін арттыру мақсатында ӘҚБтК-нің «өсімпұл» 801-1-бабын тұжырымдауға мүмкіндік берді. Әкімшілік айыппұл төлеуден жалтарған адамға әкімшілік-құқықтық ықпал етудің бұл шарасы құқық бұзушының мүліктік жағдайына қосымша әсер етеді, бұл оны әкімшілік айыппұлды уақтылы төлеуге итермелеуі керек. Диссертациялық зерттеудің нәтижелері Қостанай облысы полиция департаментінің тәжірибелік қызметіне енгізілген «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау бойынша ПО (полиция) қызметкерлерінің юрисдикциялық өкілеттіктері» оқу құралында, сондай-ақ оны кәсіптік және қызметтік даярлық сабақтары шеңберінде пайдалану үшін көрініс тапты.

5 нәтиже. Полиция қызметкерлерінің әкімшілік жауапкершіліктен және әкімшілік жазадан босату мәселелері бойынша диссертациялық зерттеу материалдары ҚР ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясының «Ғалымдар еңбектері» халықаралық ғылыми журналында жарияланды және ҚР ІІМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының, ҚР ІІМ барлық академияларының оқу процесіне енгізілді.

6 нәтиже. Ұсынысты іске асыру құқық бұзушыларды ведомстволық деңгейде әкімшілік жауаптылыққа тарту тетігі бойынша әкімшілік процестің кезеңін жетілдіруге мүмкіндік береді.

ПО (полиция) қызметкерлерінің әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР Кодексін қолдануы жөніндегі жаңа нұсқаулық ПО (полиция) құқық қолдану тәжірибесін едәуір жеңілдетеді. Біріншіден, полицияның әкімшілік тәжірибесін бақылау мәселелерін реттейді. Екіншіден, ведомстволық құқықтық актілер мен полиция қызметкерлерінің юрисдикциялық өкілеттіктерін айқындайтын ҚР ӘҚБтК баптары арасындағы қайшылықтарды болдырмауға мүмкіндік береді. Үшіншіден, әкімшілік тәжірибе дәстүрлі міндет болып табылмайтын полиция қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін бекітеді. Төртіншіден, ведомстволық Нұсқаулық әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша электрондық және қағаз жүзінде іс жүргізуді үйлестіру мәселесін шешеді.

Диссертациялық жұмыста қорғауға ұсынылған ережелердің дәлелдемелік базасының негізіне эмпирикалық зерттеулердің нәтижелері кірді, атап айтқанда:

- Қостанай және Ақмола облысының әкімшілік полициясы мен жергілікті полиция қызметінің 785 қызметкерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінен өкілдік ететін ҚСЖАЕК тыңдаушыларынан сурау алынды және сұхбат алынды;

- әкімшілік құқық бұзушылық туралы 350-ге жуық іс зерделенді және талданды;

- Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ҚСЖАЕК, ҚР ІМ Әкімшілік полиция комитетінің ПО (полиция) қызметкерлерінің әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша шешімдер қабылдау жөніндегі статистикалық мәліметтері;

- ҚР ІМ Әкімшілік полиция комитетінің әкімшілік тәжірибесінің шолулары мен нәтижелері.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығын негіздеу.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы жаңа маңызды нәтижелерге қол жеткізумен сипатталады. Ғылыми тұжырымдар мен тұжырымдардың жаңашылдық дәрежесі автордың зерттеу мәселелеріне көзқарасымен анықталады.

1 нәтиже жаңа болып табылады, өйткені Қазақстан Республикасының әкімшілік кодификацияланған заңнамасын ретроспективті талдау негізінде ішкі істер органдары (полиция) қызметкерлерінің тізбесін қалыптастыруға өзгеше, неғұрлым прагматикалық және тиімді тәсіл ұсынылады, олар әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау бойынша қолданыстағы істерге қарағанда юрисдикциялық өкілеттіктерге ие болуға тиіс.

2 нәтиже қажетті жаңалық дәрежесіне ие. Қоғамдық алқалы ұйымдар мен құрылымдардың әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға байланысты юрисдикциялық процеске белсенді қатысуы бойынша бұрын қолданыста болған әкімшілік заңнаманың тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, ереже қазіргі уақытта полиция қызметінің сервистік моделіне көшу туралы ҚР мемлекеттік саясатының қазіргі заманғы міндеттеріне сәйкес келеді. Бұл жаңалық, егер олар азаматтарды әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы шешімдер қабылдау бойынша азаматтық қоғаммен тығыз серіктестікте жұмыс істейтін болса, полиция қызметкерлерінің юрисдикциялық өкілеттіктерінің тұжырымдамалық өзгерістеріне жауап береді.

3-нәтиже жаңа болып табылады және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша шешімдер қабылдау кезінде әкімшілік қалау (дискреция) деңгейін төмендету жөніндегі құқықтық саясаттың мемлекеттік басымдығын шешуге бағытталған. Ұсынылған шешімдердің инновациялылығына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қысқартылған іс жүргізу тетігі бойынша ұсыныстар ПО (полиция) қызметкерлерінің юрисдикциялық өкілеттіктерін жетілдіру жөніндегі

заңнамалық және заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу кезінде пайдаланылуы мүмкін.

4 нәтиже жаңалықтың жоғары дәрежесіне ие, өйткені әкімшілік айыппұлдарды өндіріп алу деңгейін арттыруға ықпал ететін «өсімпұл» түріндегі әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы өндірісті қамтамасыз етудің жаңа шарасын ӘҚБтК-ге енгізу жөніндегі ұсыныс алғаш рет негізделген.

Әкімшілік жазаны қамтамасыз ететін шара ретінде өсімпұл институтының болуы бірқатар жағымды жақтарға ие:

- құқық бұзушыны әкімшілік айыппұлды уақтылы төлеуге ынталандырады;

- мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайтуға ықпал етеді;

- өсімпұл біртіндеп өсіп келе жатқан санкция болады, дегенмен бұл әкімшілік жаза шарасы емес;

- қайталанатын және жүйелі әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуға профилактикалық әсер ететін болады;

5 нәтиже құқық бұзушыны әкімшілік жауапкершіліктен және әкімшілік жазадан босатудың құқықтық институтын зерттеуге жаңашыл көзқараспен ерекшеленеді. Қорытындылар жаңалыққа ие, өйткені позитивті ұсыныстар алғаш рет тұжырымдалған:

- әкімшілік жауаптылыққа жататын құқық бұзушылық субъектісі анықталмаған жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді тоқтатудың жаңа құқықтық негізін қалыптастыру туралы;

- егер құқық бұзушыны анықтау мүмкін болмаса, әкімшілік қудалауды тоқтату мерзімін айқындай отырып, ӘҚБтК-нің 741-бабын жетілдіру туралы;

- даулы тараптардың татуласуы себебінен тоқтатылуы тиіс ресми құраммен әкімшілік құқық бұзушылықтар тізбесін кеңейту туралы;

- отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы жанжалдасушы тараптар арасындағы татуластыру рәсімдерінің күшін жою туралы;

6 нәтиже жаңа болып табылады, өйткені әкімшілік жауапкершілік қағидаттарын іске асыруға ӘҚБтК нормаларын өзгерту және толықтыру және жаңа ведомстволық құжатты әзірлеу бойынша бірқатар ұсыныстар бағытталған.

Қазіргі заманғы жағдайларға сәйкес келетін түпнұсқалар:

- ПО-ның әкімшілік іс жүргізу қызметінің заңдылығын және басқа да қағидаттарын сақтау үшін ПО (полиция) қызметкерлерінің әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР Кодексін қолдануы жөнінде ведомстволық нұсқаулық әзірлеу;

- ӘҚБтК-нің 748-бабының 3-бөлігінің жаңа бөлігін қабылдау арқылы әкімшілік құқық бұзушылық жасаған азаматтардың білікті заң көмегіне құқықтарын қамтамасыз ету қағидатын іске асыру;

- құқық бұзушы адвокаттың (қорғаушының) заң көмегін уақтылы ала алуы үшін құқық бұзушылықтары автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнайы бақылау-өлшеу техникалық құралдарымен және аспаптармен тіркелген азаматтарды хабардар ету тәртібін жетілдіру.

Диссертациялық зерттеу тақырыбы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.

Диссертация тақырыбы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын анықтайтын бағдарламалық және стратегиялық құжаттардың негізгі басымдықтары мен негізгі міндеттеріне қатысты мәселелерді зерттейді, мысалы:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясатының тұжырымдамасы.

2. ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 1233 қаулысымен бекітілген қоғаммен әріптестікте қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің 2024 – 2028 жылдарға арналған тұжырымдамасы (Құқық бұзушылықтардың алдын алу саласында).

3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №611 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары.

4. ҚР ПМ-нің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №1007 бұйрығымен бекітілген ҚР ПМ-нің 2023-2027 жылдарға арналған даму жоспары.

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы

1. Диссертация тақырыбы бойынша негізгі нәтижелер 11 жұмыста жарияланды, оның ішінде: 1 мақала – «Scopus» дерекқорына кіретін шетелдік журналда; 4 мақала – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдарда; 5 мақала – халықаралық ғылыми жинақтарда- тәжірибелік конференциялар. Сонымен қатар, диссертациялық зерттеу аясында бір оқу құралы дайындалды.

2. Improving legal compliance in police activities: ensuring sustainable public safety in kazakhstan. Journal of lifestyle & sdgs review 2025. – V.5.Iss. - P. 01-18. DOI: 10.47172/2965-730X. SDGsReview.v5. n01.pe03780.

3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қысқартылған іс жүргізудің құқықтық негіздері. «Ғылым» халықаралық ғылыми журналы, №2 (73), Қостанай, 2022 ж. – 84-90 Б. (200 б.).

4. Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдарды әкімшілік жауаптылықтан және әкімшілік жазадан босату кезіндегі полиция қызметкерлерінің өкілеттіктері туралы. «Ғалымдар еңбектері» Халықаралық ғылыми журналы №2 (75), Алматы, 2023 ж. - 17-25 Б. (433 Б.).

5. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қысқартылған іс жүргізуді жүзеге асыру тетігін жетілдіру. «Ғылым» халықаралық ғылыми журналы, №2(77), Қостанай, 2023ж. – 128-133 Б. (200 б.).

6. Басқа біреудің мүлкін қасақана жойғаны немесе бүлдіргені үшін әкімшілік жауапкершілік туралы. «Хабаршы-Вестник» халықаралық ғылыми журналы, №3 (81), Қарағанды, 2023ж. – 187-192 (212 б.).

7. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді шешу процесінде

дискрецияның сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің өсуіне әсері. 2022 жылғы 18 наурызда Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының 30 жылдығына арналған жас ғалымдардың, магистранттар мен докторанттардың ХҒПК материалдары. – Қостанай: ҚР ІІМ Ш. Қабылбаева атындағы Қостанай академиясы, 2022. – С. 342-347(483с.).

8. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторлары қызметінің әкімшілік юрисдикциялық қызметін жетілдіру туралы мәселеге. «Балалардың құқықтарын қорғау: полиция және азаматтық қоғам ынтымақтастығы» ХҒПК материалдары, 2022 жылғы 13-14 мамыр ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы., Қостанай қ., 2022 ж.-С. 153-159 (476 Б.).

9. Полиция қызметкерлерінің құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы жеке ұсыныс шығару туралы мәселеге. «Қазіргі кезеңдегі ішкі істер органдарын ұйымдастыру және қызметі: мәселелер мен жолдары» ХҒПК материалдары, 2023 жылғы 27 қазан ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы., Қостанай қ., 2023 ж.– С. 58-62 (600 Б.).

10. Полиция қызметкерлерінің құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы жеке ұсыныстар беру ерекшеліктері. 14.12.23 ж. «Әділдік, тұрақтылық және қоғамдық қауіпсіздік - құқықтық демократиялық және әлеуметтік мемлекет құрудың негізгі бағдарлары" ХҒПК материалдары. Алматы: «Тұран» университеті, 2023ж. - 161-166 (443 Б.).

11. Ішкі істер органдары (полиция) қызметкерлерінің әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау жөніндегі юрисдикциялық өкілеттіктері. ҚР ІІМ Ш.Ракбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы Қостанай, 2023 ж. – 96с.